

## Жоғары білім: Мамандар даярлаудың даму бағыттары

04.02.2022

Біздің М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті ірі көп салалы (профилді) жоғары оқу орны болғандықтан, ел аймағының білім беру, ғылыми, мәдени-гуманитарлық, орталығы ретінде қалыптасқан, сонымен қатар ол қазіргі заманың университеті және республиканың қарқынды дамуы үшін тиімді үлес қосуға қабілетті, біліктілігі бар мамандар дайындауда негіз болуды мақсат етуде.

Казіргі таңда «Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника» кафедрасында ғылыми-инновациялық жұмыс азық-түлік нарығын реттеудің мемлекеттік бағдарламасы мен ауыл аймақтарды әлеуметтік-экономикалық дамытуға сәйкес жүргізіледі. «Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника» кафедрасының профессор-окытушылар құрамы ҚР БФМ және басқа да қорлар тaraapынан қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жобаларын ұсынуға белсенді атсалысып келеді.

Кафедрада білім беру бағдарламасы бойынша мынандай мамандықтарды дайындайды: 6B080610 – Су ресурстары және суды пайдалану, 6B08710 --Аграрлық техника және технология, 6B07350 – Жерге орналастыру, 6B07360 – Кадастр, 6B07330 – Сүмен қамтамасыз ету, суды алып кету және су ресурстарын қорғау, бакалавр дәрежесі бойынша мамандарды дайындайды.

Кафедрада оқу-тәрбие және ғылыми жұмыстарды 21 профессор оқытушы құрамы атқарады: бір т.ғ.д, профессор, 6 т.ғ.к., доценттер, 4 аға оқытушы, алты магистр және 3 оқытушыға қоса төрт оқу көмекші қызметкерлер. Білім беру бағдарламаларына сәйкес ҚР-ның оңтүстік аймағының сұғармалы егіншілік, мал шаруашылық, өндірісінің механизация деңгейін көтеру, жерге орналастыру және кадастрық мәселелерін зерттеуге мән берілуде.

ҚР-ның Оңтүстік аймағының егістік алқаптарын кадастрық бағалау мәліметтерін құру, сұғармалы егістік алабын есепке алу, ластанған жерлердің картасын зерттеу, сүмен қамтамасыз ету, сұғару және жайылымды сұландыру мәселелерін шешуге арналған Оңтүстік аймақтық су ресурстарын кешенде зерттеу, экономика салаларын сүмен қамту мәселелерін шешу жолдары, гидроэнергетика жағдайын бағалау және дамуын болжака тақырыптары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Бәсекеге қабілетті су және ауыл шаруашылығы мамандарын даярлауда оқу, ғылыми және инновациялық тіршілік негізінде жаңа ғылыми-инновациялық технологиялар мен тиімді басқару әдістерін енгізу мақсатында және білімгерлердің тәжірибелің үйімдастыру (геодезиялық, оқу гидрогеологиялық, өндірістік және диплом алды) және өндірістен біліктілігі жоғары мамандарды оқу үрдісіне тарту мәселелері бойынша өндіріспен тығыз байланыс орнатылған.

Олар: ҚР ауыл шаруашылығы министрлігінің «ОҚГГМЭ» РММ, ҚР экология, геология және табигат ресурстары министрлігі су ресурстары комитеті «Қазсу шар» РМК Түркістан филиалы, ҚР экология, геология және табигат ресурстары министрлігі су ресурстары комитеті «Қазсу шар» филиалы «Су метрология», ҚР экология, геология және табигат ресурстары министрлігі су ресурстары комитеті «Нұр топтық су құбыры» филиалы «Оңтүстік ауыз су», ҚР экология, геология және табигат ресурстары министрлігі су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу жөніндегі «Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы».

«Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС, «Су ресурстары -Маркетинг» ЖШС-не қарасты Су арнасы -5С ЖШС Шымкент қаласы бойынша филиалы, «Проект А» ЖШС, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, коммерциялық емес акционерлік қоғамның Түркістан облысы бойынша филиалы, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Шымкент қаласы филиалы, «Құрылыш консалтинг» АҚ, «Сити Инжиниринг» ЖШС, «Оңтүстік жер» ЖШС, ҚР АШМ АӘК ШЖК РМК «Фитосанитария», «Рамазан-Агро» ЖШС, «Қ.А.Яссуи» ӨК.



Кафедра Мәскеу мемлекеттік табиғатты үйлестіру университетімен, Қырғыз Аграрлық Академиясымен Ташкент мелиорация институтымен ғылыми-оқу үрдісті бойынша тығыз байланыста. Білім беру сапасын арттыру үшін оқу процесінде ҚР мекемелерінің және алыс, жақын шет елдердің жетекші мамандарды арналы дәріс оқуға шақырылуда және дәріс беруде.

Нақты айтатын болсақ; Әзербайжан Республикасының ҮГА-ы агрохимия және топырақ тану институтының а.ш.ғ. докторы, доценті М.Ғ.Мустафаев, Беларусия Республикасының Брест мемлекеттік техникалық университеті т.ғ.к., доценті О.П. Мешик. Кафедра студенттері ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді қатысады және алыс және жақын шет елдерде (Әзербайжан; Беларусия, Ресей, Германия, Польша және Тағы басқа да) іс-тәжірибеден өтуге, сонымен қатар оқуын жалғастыруға мүмкіндіктері бар.

Сөзді түйіндей келгенде, су шаруашылығында, жер қатынастары саласында және аграрлық технологияларды меңгерген мамандардың дайындалуын, шаруашылық жүргізуін субъектілерінің ғана емес, келешек үрпақ үшін қасиетті қара жерден несібесін айырып, халқымыздың ортақ, мұддесі, игілігі жолында еңбек етіп жатқан барашага жүктеліп отырған үлкен міндеттерді ескере отырып Шымкент қаласы мен Қоңыстық Қазақстан аймағының 2022 жылғы бітіруші түлектерін, М.О.Әуезов атындағы Қоңыстық Қазақстан Университетін таңдаңыздар.

Президентіміз Қасым-Жомарт Ж.Тоқаев барша отандастарымызға арнаған Жолдауында: ...Жоғары білім берудің сапасы өте жоғарғы халықаралық талаптарға жауап беру керек, – деп атап айтты.

**Есенбек ЕСІМОВ,**  
Су ресурстары, жерді пайдалану және  
агротехник кафедрасының т.ғ.к., доценті